

**«Қорғас» ШЫХО «АЭА БК» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы жария талқылау ХАТТАМАСЫ**

**Қорғас ауылы**

**14.04.2025 жыл**

«Мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген» сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес, «Қорғас» ШЫХО «АЭА БК» АҚ басшысының 2025 жылғы 20 наурыздағы «Қорғас» ШЫХО «АЭА БК» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде 2025 жылғы 01-21 сәуір аралығында 2024 жылдың II-III және IV тоқсан бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) «Қорғас» ШЫХО «АЭА БК» АҚ қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) «Қорғас» ШЫХО «АЭА БК» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қоғамға ішкі талдау жүргізу барысында тексерілетін кезеңде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Жақын туыстары (ата-аналары, балалары, асырап алушылары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, ата-әжелері, немерелері) немесе жұбайлары атқаратын лауазымға тікелей бағыну фактісіне байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде аффилиирлену фактілері анықталған жоқ.

Қоғамның барлық қызметкерлері міндетті түрде қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен, құрылымдық бөлімше туралы Ережемен және лауазымдық нұсқаулықтармен танысады.

Персоналды басқарудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, мүдделер қақтығысының болу фактілері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау шеңберінде Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді біріктіруге тексеру жүргізілді. Бірінші басшының және оның орынбасарларының жақын туыстарын, жекжаттарын жұмысқа орналастыру фактілері анықталған жоқ. Қоғамда жақын туыстарының бірлескен жұмыс фактілері анықталған жоқ.

### **Ұсынымдар:**

1. Біліктілік талаптарын арттыру мәселелері бойынша қарапайым және түсінікті түсініктемелер әзірлеу, олардың электрондық түрде қолжетімділігін қамтамасыз ету.

2. Кадр жұмысы департаментінің ішкі нормативтік құжаттарының уақтылы өзектендірілуіне бақылауды күшейту, өйткені олармен танысу еңбек заңнамасындағы өзгерістер туралы ақпарат берудің негізгі арнасы болып табылады.

3. Ішкі және сыртқы кадрларды іріктеуді реттеу қажеттілігін қарастыру.


**Жұмыс тобының төрағасы**



**М.Ж. Серикбаев**

**Жұмыс тобының құрамы**

**А.А. Дукенбаев**



**Е.С. Курмашев**



**С.И. Таипова**



**Ф.В. Андреев**



**А.К-К. Конакбаев**



**Ж.Д. Уразалина**